

Білім беру бағдарламасының паспорты

Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат
Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі	6B031 Әлеуметтік ғылымдар
Білім беру бағдарламасының коды мен атауы	6B03102 Саясаттану және халықаралық қатынастар
Білім беру бағдарламаларының топтары	B040 Саясаттану
Білім беру бағдарламасының бірегейлігі	Білім беру бағдарламасының бірегейлігі Шығыс Қазақстан облысының трансшекаралық жағдайымен айқындалады, өңірдің өңірдегі және іргелес елдердегі әлеуметтік-саяси және халықаралық қатынастар саласындағы, қоғамдық-саяси саланың және халықаралық қатынастардың ғылыми-зерттеу, Консультативтік, сараптамалық, ұйымдастырушылық-басқару қызметі құзыреттері мен дағдыларына ие маман-сарапшылармен және талдаушылармен қамтамасыз етудегі қажеттіліктеріне бағдарланған.
Білім беру бағдарламасы аясында дайындау бейінінің картасы	
БББ мақсаты	жаңғырту жағдайында Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатындағы әлеуметтік-маңызды проблемаларды жоғары ғылыми-практикалық деңгейде шешуге қабілетті, халықаралық қатынастардың ерекшеліктерін, шет тілдерін білетін саясат және халықаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік, жеке және қоғамдық ұйымдар мен мекемелер үшін құзыретті мамандарды даярлау.
БББ міндеттері	1) саяси ғылымдар мен халықаралық қатынастардың тарихы мен теориясы саласында жүйелі білімді қалыптастыру, кәсіби шет тілін меңгеру; 2) ситуациялық режимде ойлау және әрекет ету қабілетін дамыту (ұлттық менталитеттің ерекшеліктерін, ұйымдық құрылымдардың типологиясын, құқықтық дәстүрлерді және әлеуметтік ұтқырлықтың ерекшелігін ескере отырып); 3) саяси және жаһандық болжау, экспертиза және іскерлік этикет, әртүрлі коммуникативтік мінез-құлық үлгілерін құру және талдау дағдыларын меңгеру; 4) азаматтықтың, патриотизмнің, көпмәдениеттіліктің, толеранттылықтың, сыни және креативті ойлау қабілетінің, табысты өмір сүруге, кәсіби және жеке өзін-өзі жүзеге асыруға қажетті қасиеттерін дамыту; 5) білім алушылардың саясаттану және халықаралық қатынастар саласындағы ғылыми-зерттеу және сараптамалық-болжамдық қызметке, кәсіби қызметте өзін-өзі жүзеге асыруға, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге уәждемесін қалыптастыру. 6) қабілеттерін дамыту: ақпаратты пайдалану, жалпылау және талдау, мақсаттар қою және ақпараттық қоғамды қалыптастыру және дамыту жағдайында оларға қол жеткізу жолдарын табу; ұжымда жұмыс істеу, әріптестік, сенімгерлік қатынастарды қолдауға жауапты болу; денсаулықты нығайту және толыққанды

	әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін әдістер мен құралдарды пайдалану.
БББ оқыту нәтижелері	1. саяси тарихты, жүйені және әлемдік мәдениетті, шет елдердің жаңа және қазіргі тарихының үрдістерін, әлемдік саяси процесс пен халықаралық қатынастарды, саяси даму бағдарламалары мен мемлекеттік көші-қон саясатын әзірлеу мақсатында саяси дағдарыстарды білу негізінде саяси жүйелердің даму ерекшеліктерін айқындау; 2. экономика мен кәсіпкерлікті, кәсіптік қызметтің құқықтық негіздерін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, экологияны және қауіпсіз өмір сүруді білу негізінде кәсіби және өзге де міндеттерді шешуде ақпаратты түсіндіру; 3. саяси ғылымдар мен халықаралық қатынастардың тұжырымдамалық-категориялық аппаратымен, саясаттанудың негізгі салалары бойынша классикалық және заманауи тұжырымдамалық әзірлемелермен, сондай-ақ халықаралық қатынастардың тарихы мен теориясымен, геосаясатпен ғылыми-зерттеу, аналитикалық және кәсіби қызметтегі жұмыс істеу; 4. ішкі және сыртқы саясаттағы саяси және халықаралық процестерді, саяси жағдайларды зерттеуге, диагностикалауға, талдауға және сараптауға, деректерді жинау және өлшеу әдістері, технологиялары мен әдістемелерін, оның ішінде дипломатиядағы жаңа IT технологияларын қолдана отырып қатысу; 5. дипломатиялық құжаттардың әралуан түрлерін, келісімдер жобаларын, жоғары және аса жоғары деңгейдегі ресми және мемлекеттік сапарлар іс-шараларының бағдарламаларын дайындау; 6. саяси ілімдердің тарихы мен теориясын, халықаралық қатынастар теориясын, саяси талдау әдіснамасын, Қазақстанда да, жалпы әлемде де қазіргі саяси процесті саяси сараптау мен болжауды білу негізінде әлеуметтік-саяси проблемаларды талдау; 7. Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатын, Қазақстанның халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны мен ұстанымын, шет елдердің геосаясатын, халықаралық қатынастар, әлемдік саяси процестер, жаһандану мен интеграция, демография мен көші-қон жүйесіндегі негізгі үрдістерді бағалау;. 8. саясатта, дипломатияда және түрлі форматтағы - халықаралық, саяси және қоғамдық-саяси саяси науқандарда қажетті нәтижелерге қол жеткізу үшін тиімді стратегияларды, технологиялар мен шешімдерді қолдану; 9. саяси-коммуникативтік қызметті, саяси және халықаралық келіссөздерді, саяси мәдениетті, шет тілдерін, келіссөздердің дипломатиялық техникасын, этикет пен хаттаманы әртүрлі деңгейлерде (өңірлік, халықаралық және жаһандық) және әртүрлі қоғамдық аудиториялармен, топтармен, халықаралық ұйымдармен білімдер негізінде ұйымдастыру; 10. қоғамдық-саяси және халықаралық қатынастар саласындағы сараптамалық-талдамалық, болжамды және консультациялық практикада қорытындылар мен ұсынымдарды тұжырымдау; 11. қазіргі заманғы халықаралық қатынастарда Қазақстан Республикасының, Орталық Азияның, сондай-ақ басқа да шет аймақтардың ұлттық, өңірлік және жаһандық қауіпсіздігіне төнетін қауіптер мен тәуекелдерді болжау; 12. сөйлеу, мақала жазу (оның ішінде шет тілінде), шетелдік

	әріптестермен іскерлік келіссөздер жүргізу үшін коммуникативтік және кәсіби қызметте академиялық жанрларды қолдану; 13. саяси және дипломатиялық этикаға, қазақстандық қоғамның моральдық-этикалық құндылықтары мен құқықтық нормаларына, әлеуметтік процестерді құқықтық реттеуге, діни көзқарастар мен мәдениеттерді құрметтеуге және төзімділікке сәйкес саяси коммуникацияның неғұрлым тиімді тәсілдері мен тетіктерін ұсыну
Түлектің біліктілік сипаттамасы	
Берілетін дәреже:	6B03102 Саясаттану және халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының әлеуметтік білім бакалавры.
Лауазымдарының тізімі	Мемлекеттік қызметші; сыртқы саяси бөлімдердің, департаменттердің басшысы, нұсқаушы, инспектор, өз құзыреті шегінде шешімдер әзірлейтін және қабылдайтын мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметкері, талдаушы, сарапшы, кеңесші, имиджмейкер, конфликтолог, референт, саяси технолог, референт-аудармашы; консультант-сарапшы, халықаралық қатынастар, дипломатия мәселелері бойынша сарапшы-талдаушы, ұлттық немесе өңірлік сыртқы саясат; саясат және халықаралық қатынастар және өңірлік қауіпсіздік мәселелері жөніндегі БАҚ қызметкері; бейіні бойынша ғылыми-зерттеу ұйымдарының қызметкері; бейіні бойынша оқытушы.
Кәсіби қызмет объектісі	Мемлекеттік билік және басқару органдары, талдау орталықтары, қорлар; Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдары мен бірлестіктерінің, ұлттық қауіпсіздігінің қызметі; оқу орындары; Саяси партиялар, Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар; бұқаралық ақпарат құралдары, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар, сыртқы және ішкі саясат, халықаралық қатынастар саласындағы академиялық және ғылыми-зерттеу ұйымдары.

